

**Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық
фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК-ның 2023 жылдың
21 қыркүйек – 21 қазан аралығындағы сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерді бойынша ішкі талдау жүргізу қортындысы бойынша
талдамалық анықтамасы**

Атырау қаласы

20 қазан 2023 жыл

Ішкі талдау жүргізу үшін негіздеме:

1. Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрығы»;
2. ҚР «Конституциясы»;
3. ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Заңы;
4. ҚР «Еңбек Кодексі»
5. 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
6. ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы
7. ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2023 жылдың 04 желтоқсандағы №434-V Заңы;
8. ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңы;
Ішкі талдау нысанасы қызметінің талдау мерзімі: 2023 жылдың 21 қыркүйек - 21 қазан аралығы.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізудің Үлгілік ережелеріне сәйкес, «Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК -нің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Талдау жүргізу үшін 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №225 бұйрықпен келесі құрамда жұмыс тобы құрылды:

Жұмыс тобының жетекшісі: – мекеме директорының емдеу ісі жөніндегі орынбасары Г.С.Бекболатова;

Жұмыс тобының мүшелері:

- 1) Персоналды басқару қызмет басшысы – Казиханова С.К.;
- 2) Бас есепші – М.Байманова;
- 3) Әдістеме бөлім меңгерушісінің м.а. – Құмаров А.Р.;
- 4) Бас мейіргер - Б.Багитова;
- 5) Д.Абдрахманова - хатшы, комплаенс офицер

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізі үшін ақпарат көзі болып табылады:

- 1) АОФО-на келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 2) прокуралық қадағалау;
- 3) сот шешімдері мен шешімнің атқарылу жұмыстары;
- 4) анықтаманың берілуі;
- 5) мемлекеттік сатып алу заңдылығы;

2. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) «Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК-нің қызметін реттейтін заңнамада сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді анықтау;
- 2) «Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК-нің ұйымдастыру – басқару қызметінен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді анықтау.

«Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК-нің қызметін реттейтін заңнамада сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді анықтау» бағыты бойынша.

2023 жылғы қыркүйек-қазан айында «Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК-нің ішкі талдау жүргізу қарастырылған.

«Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК-ның басшысы Сагиев Жанабай Нугимашевич, 2020 жылдан бастап қызмет атқарады.

«Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК өз қызметін ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі, ҚР «Конституциясы», ҚР «Еңбек Кодексі», ҚР Денсаулық сақтау министрінің бұйрықтары, АОФО-ның жарғысы және АОФО-ның жасақталған Ұжымдық шарты негізінде жұмысын атқарады.

«Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» Шаруашылық Жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары:

1. Кәсіпорын қызметінің мәні халыққа туберкулезге қарсы мамандырылған медициналық көмек көрсету және оңалту көмегін жүзеге асыру Мемлекеттік лицензия мен оның қосымшаларына сәйкес көрсетіледі.
2. Кәсіпорын қызметінің мақсаты облыстағы туберкулезге қарсы қызметінің жұмысын үйлестіретін, медициналық ұйымдар мен халыққа туберкулезге

қарсы ұйымдастыру-әдістемелік, практикалық және консультациялық көмек көрсетуді жүзеге асыру, мамандырылған диагностикалық және емдеу-профилактикалық медициналық көмек көрсету болып табылады.

3. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- 1) стандарттық зерттеулерге негізделген туберкулезді диагностикалау (бактериологиялық: микроскопия, егу әдісі және дәріге сезімталдық тесті (бұдан әрі -ДСТ), клиникалық-рентгенологиялық зерттеулер және 2ТБ Манту туберкулиндік сынамаларды қою, сондай-ақ қосымша әдістер (аспаптық және радиологиялық);
- 2) медицина қызметкерінің тікелей бақылауымен стационарлық және амбулаториялық емдеу кезеңдерінде туберкулезбен ауыратын науқастарға химиотерапия жүргізу;
- 3) мәжбүрлеп окшаулау үшін емдеуден бас тартқан бактерия шығаратын туберкулезбен ауыратын науқастарға арналған материалдарды сот органдарына жіберу;
- 4) туберкулездің дәріге сезімтал және дәріге көнбейтін түрімен ауыратын науқастарды емдеу;
- 5) бейінді мамандарды тарта отырып, қосалқы патологияларды диагностикалау мен емдеу;
- 6) туберкулезге қарсы препараттарға жанама әсерлерді диагностикалау және төмендетумен уақтылы жою жөніндегі іс-шараларды өткізу;
- 7) ҚР ДСМ -нің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауыпсіздігін бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауыпсіздігін бақылау департаментімен бірлесе отырып, мыналардың мониторингін жүргізу:
 - жаңа туған нәрестелерді БЦЖ вакцинациялау, 6 жастағы (1 сынып) балаларға БЦЖ қайта вакцинациялау;
 - жыл сайын туберкулезге міндетті флюорографиялық тексерілуі және «қауіп» тобындағы балаларға 2 ТБ туберкулинді Манту сынамасын жасап, флюорографиялық тексеруді жоспарлау;
- 8) облыстағы белсенді туберкулезбен ауыратын науқастарды диспансерлік бақылау;
- 9) Өңірлік, республикалық және халықаралық форумдарға, съездерге, семинарлар мен конференцияларға, кеңестер мен тренингтерге қатысуды жүзеге асырады.

«Атырау облыстық фтиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК –нің өз қызметінде Қазақстан Республикасының Еңбек, Бюджеттік, Азаматтық,

Салық кодекстерін, «Мемлекеттік мүлік туралы» «Мемлекеттік сатып алу» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алады.

Мемлекеттік сатып алуларды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру Ережелерін бекіту туралы» бұйрығының нормаларына сәйкес жүргізеді. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулар мемлекеттік сатып алулардың веб-портал арқылы электрондық түрде жүргізіледі және жеткізушілермен қандай да бір байланысқа түсуге жол берілмейді.

«Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК-нің ұйымдастыру – басқару қызметінен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді анықтау» бағыты бойынша.

Персоналды басқару саласы, соның ішінде кадрлардың ауыспалығы бойынша:

Персоналды басқаруды бақылау кезінде қызметкерлердің біліктілігі, атқаратын лауазымы үшін талап етілетін белгілі білімі мен жұмыс тәжірибесі белгіленетін функциялық міндеттер мен лауазымдық нұсқаулықтарға тексеру жүргізілді.

Орталықтың штат саны 325,00 бірлікті құрайды, қазіргі кезде 267 қызметкер жұмыс жасайды (0 қызметкер - бала күтімі демалысында).

Жалпы 2023 жылдың 3 тоқсанында 5 адам жұмысқа қабылданды және 10 адам жеке еңбек шартын өз бастамасы бойынша бұзған. Еңбек кодексі негізінде жұмыс жасақталып, заңдылықтар сақталған. Еңбек даулары, мүдделер қақтығысы болған жоқ.

Азаматтық қызметтің беделін түсіретін тәртіптік қылық – жоқ.

Сотталғандар – жоқ.

Мүдделер қайшылығын реттеу саласы бойынша:

Мемлекеттік сатып алу процедураларын жүргізу және лауазымның тікелей бағынысында болатын мемлекеттік лауазымдарға тағайындау барысында жақын туыстармен (ата-аналар(ата-аналармен), балалармен, асырап алушылармен, асырап алғандармен, бір туған және бір тумаған ағалармен, әпкелермен, аталармен, әжелермен, немерелермен немесе жолдасымен (жұбайымен) қосылу фактілері анықталған жоқ.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу» заңы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдігі:

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2023 жылдың 04 желтоқсандағы №434-V Заңының талаптары негізінде жүзеге асырылған және өткізілген сатып алуларда Қазақстан Республикасының ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-

қимыл туралы» Заңының талаптарын бұзылуына ықпал ететін фактілер орын алған:

1) Камералдық бақылау нәтижелері бойынша келесі бұзушылықтар анықталды: «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарға негізделеді, осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы. Сонымен қатар, Заңның 38-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік сатып алу веб-порталында мынадай ақпаратты орналастыруға міндетті. қазақ және орыс тілдерінде:

1. «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнымен 27.02.2023ж. баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жарияланған №9437927-1 лот №55559077-ЗЦП1 «Электр, электртаратушы/реттеуші жабдықтауды және ұқсас аппаратураны техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету» (соммасы 3 052 000,00 теңге). №11 Тәуекел бейіні (Әрбір бұзушылық фактісі жеке тармақпен белгіленеді және тәуекел бейінін көрсете отырып, ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптарына, тармақтары мен тармақшаларына сілтеме жасай отырып, бұзушылық сипатын сипаттай отырып, толассыз тәртіппен нөмірленеді. Бұзушылық сипаттамасында бұзушылықтарды растайтын құжаттардың деректемелері мен атауларына сілтеме жасалады). Жоғарыдағы аталғандардың негізінде анықталған бұзушылықтар Камералдық бақылау жүргізу қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес жойылуға жатады.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сомаларды көрсете отырып, жүргізіліп жатқан мемлекеттік сатып алудың мәні болып табылатын тауарлардың саны, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің көлемі туралы.

Ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған жағдайда, мемлекеттік сатып алуды реттеуді ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың,

көрсетілетін қызметтердің қажетті функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте сатып алынатын тауардың қысқаша сипаттамасында жеткізушілерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттарда немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға жеткізілетін тауарлардың сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну туралы талап болуы тиіс.

Электр, электр қуатын тарату және басқару жабдықтарына және ұқсас жабдыққа техникалық қызмет көрсету сомасы – 3.052.000 мемлекеттік сатып алуына бұзушылықтар анықталды.

- 3) тауарларды жеткізу, орындалған жұмыс, көрсетілетін қызметтер орны
- 4) тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің талап етілетін мерзімдері
- 5) әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын беруінің басталу және аяқталу күндері туралы
- 6) техникалық ерекшелік көрсетілген мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасы.

1-тармақ. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Заңның 38-бабының 1-тармағын бұза отырып, қазақ тіліндегі техникалық ерекшелікті ұсынбаған.

Установленные нарушения подпадают под профиль риска №10.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, анықталған бұзушылықтар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген Кадельдік бақылауды жүзеге асыру қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес жойылуға жатады.

2. «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнымен 07.06.2023ж. баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жарияланған №10162448-1 лот №55559074-ЗЦПІ «Сплит жүйелерге техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер» (соммасы 2 280 000,00 теңге) мемлекеттік сатып алуына камералдық бақылау жүргізіліп бұзушылықтар анықталды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 38-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік сатып алу веб-порталында қазақ және орыс тілдерінде мынадай ақпаратты:

- 1) Мемлекеттік сатып алу үшін бөлінген сомаларды көрсете отырып, өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын

тауарлардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы;

- 2) Сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттар, ал олар болмаған жағдайда, мемлекетаралық стандарттар көрсетіле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипатталымын орналастыруға міндетті. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекетік сатып алуды нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдаланушылық сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте сатып алынатын тауарлардың қысқаша сипатталымында өнім берушілерге қойылатын, берілетін тауарлардың ҚР -ның заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзгеде құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттарды беру туралы талап қамтылуға тиіс.

- 3) тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орнын;
- 4) тауарды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің талап етілетін мерзімдерін;
- 5) әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын ұсынуды бастау және аяқтау мерзімі туралы;
- 6) техникалық өзіндік ерекшелігін көрсете отырып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын орналастыруға міндетті.

1-тармақ. Ұйымдастырушымен Заңның 38-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталына орналастырылған техникалық ерекшелікте қызметтерді көрсетудің талап етілетін мерзімдерінің көрсетілмегендігі анықталды

Жоғарыда анықталған бұзушылықтар қазіргі кезде қалпына келтіріліп мемлекеттік сатып алу шарттары жасақталынып қызметтер талапқа сай жасақталып жатыр.

«Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК-нда келесі шаралар көзделген: сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын түсіндіру бойынша құқықтық жалпы оқытуларды жүргізуді ұйымдастыру, жеке және заңды тұлғалардың «Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК -нің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері жөнінде өтініштерін бақылау және келіп түскен арыздар бойынша уақыты шешім қабылдау, сыбайлас жемқорлықтың көріністерімен байланысты азаматтардың арыздарын қарауды қамтамасыз

ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негізгі ережелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілерін жол бермеу бойынша жүргізілетін жұмыстың тиімділігін арттыру, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар күшейту мақсатында тұрақты негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және «Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК-нің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіледі.

«Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК-нің кіреберісінде сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық фактілері жөнінде азаматтардың жазбаша өтініштеріне арналған жәшік орнатылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама «Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК -нің сайтында белгіленген тәртіпте орналастырылған болады.

«Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК-нің сыбайлас жемқорлық болуы фактісі жөнінде анықталғанын және олар жойылғаны атап өтілді.

3. Ұсыныстар:

«Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК-ның 2023 жылға арналған Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу бойынша шаралар Жоспары бекітілген.

Жоспарда келесі шаралар көзделген: сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын түсіндіру бойынша құқықтық жалпы оқытуларды жүргізуді ұйымдастыру, жеке және заңды тұлғалардың «Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК -нің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері жөнінде өтініштерін бақылау және келіп түскен арыздар бойынша уақыты шешім қабылдау, сыбайлас жемқорлықтың көріністері мен байланысты азаматтардың арыздарын қарауды қамтамасыз ету.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілерін жол бермеу бойынша жүргізілетін жұмыстың тиімділігін арттыру, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар күшейту мақсатында 2023 жылы тұрақты негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және «Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК-нің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді жалғастыру.

Комплаенс офицер:



Д.Абдрахманова